



БҰЙРЫҚ

14.02.2017. № 60

Қостанай қаласы

ПРИКАЗ

город Костанай

**Банкроттық басқарушысын
тағайындау туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының 15-бабының 2) тармақшасына сәйкес, «Дорожно-строительные рабочие Сарыколя» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (бұдан әрі - ЖШС) банкрот деп тану туралы 2016 жылғы 22 желтоқсандағы Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі және 2017 жылғы 01 ақпандағы «Дорожно-строительные рабочие Сарыколя» ЖШС-ның кредиторлар жиналысының хаттамасының негізінде,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Төлеухан Галымович Иманкулов «Дорожно-строительные рабочие Сарыколя» ЖШС-ның (БСН 010840006297) банкроттық басқарушысы болып тағайындалсын.

2. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарына сәйкес Т.Г. Иманкуловқа банкроттық басқарушысының міндеттерін атқару жүктелсін.

3. Банкроттық басқарушы Т.Г. Иманкулов «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Департамент басшысының м.а.



С. Ахметов